

Ә. Қ. НАРЫМБЕТОВ

М. ШАХАНОВТЫҢ АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМІ

XX ғасырдың 60-жылдары қазақ поэзиясының айдынына бір топ тегеурінді жаңа толқын келіп қосылды. Төлеген Айбергенов, Ақұштап Бақтыгереева, Сәкен Иманасов, Жүмекен Нәжімеденов, Өтежан Нұрғалиев, Фариза Оңғарсынова сияқты жас дарындар поэзияға жаңа ырғақ, тың екпін әкеледі. Сол жаңа жас таланттардың қатарында өзіндік поэтикалық үнімен әдебиетке арындылығымен, қарымдылығымен келген дарынды ақындардың бірі — Мұхтар Шаханов.

М.Шаханов әдебиетке XX ғасырдың 60-жылдарының орта тұсында келді. “Бақыт” (1966), “Балладалар” (1968), “Ай туып келеді” (1970) атты алғашқы өлең жинақтарымен-ақ ол әдебиет жұртшылығына бірден таныла бастады. Ақын өзі өмір сүрген қоғамға, айналасындағы замандастарының қилы-қилы тіршілік-тағдырына жіті көз жүгіртіп, олардың күрделі өмірін шабытты жырларына өзек етті. Замандастарының бойындағы адамдық жақсы қасиеттерден ақындық шабыт алса, олардың тіршілігіндегі кейбір кір-қоқыстарға бірден жирене қарауды да әдетке айналдырды.

Алғашқы жырларында-ақ:

Мен анамның ақ дидарын мұң шалмауын көздеймін,
Жақсылыққа қуанамын, кемшілікке төзбеймін.
Жүрегінде сенің қанша шаттығың бар, налаң бар,
Жасырмаймын, жұрт алдына жайып салам, адамдар!

Өмір жайлы, сан толқыдым, толғандым,
Достар, достар, менен үміт үзбендер.
Мені кілең адал ойлы жандардың
Қатарынан іздендер, —

деп [1,42] толғанды ақын. Бұл поэзияға келген оның кредосы (сенімі), серті сияқты. Шынында да, ақынның барлық өлеңдерінде, балладалары мен поэмаларында адам бойындағы асыл қасиеттерді, аяулы, ізгі сезімдерді, жүрегі, жаны ақша қардан да таза адамдарды дәріптеуге ұмтылғаны байқалады. Сондай-ақ, адамдардың бойындағы дарқандықты, мәрттікті, әділдікті шалқыған шабытпен тебірене толғау — ақын өлеңдерінің үзілмес желісі болып келеді. Биік азаматтықты, жайсаң, жарқын мінезді, терең, мөлдір сезімдерді беріле бейнелеу де ақын шығармаларында молынан ұшырайды.

Адамдар арасындағы татулық, достықтың нұрлы, шуақты келбетін тартымды, шабытты жыр өрнегіне түсіру — Мұхтар Шаханов поэзиясына тән негізгі сипат деуге де болады (“Достық тура-

лы”, “Қуаныш вальсі”, “Достық өлкесінің заңы”, “Аға”, “Түсінісу теоремасы”, “Қырғыздар мен қазақтар”, “Жомарт жүрек тағылымы”, “Құлпы тас кепіеті немесе кері тебу заңы” т.б.). Достық туралы шығармаларынан ақынның қазақ халқының орыс, қырғыз, т.б. халықтармен достығын төгілген, айшықты да көрнекті жыр өрнектеріне түсіргенін көруге болады.

Шаттықта да бірміз,
Қайғыда да бірміз,
Бір тамырдан қуат алған егіз, туыс гүлміз.
Бірімізді екіншіміз қолдап, сүйеп жүрміз.
Алатауды алып құсқа балар болсақ, сол құстың
Бір қанаты қазақ та, бір қанаты қырғыз, —

деп [2,10] ақынның жүрегі жарып шыққан адал сырлы толғауы екі туысқан ел достығының гимніндей (әнұран) естіледі.

Махаббат — поэзияның мәңгілік тақырыбы. Тарихта бұл тақырыпқа бет бұрмаған ақын жоқ. Мұхтар Шахановтың да махаббаттың тылсым күші туралы жырлары аз емес. Алайда, ақын жас, көрініс сүйіспеншілік сезімін жырлауға өзінше тың көркемдік бояу табуға ұмтылумен болған.

Тағдырынды қатыгез де, саран де,
Сен сүйгенмен ол сүймесе, шараң не?
Махаббат ол — қос жүректің өні ғой,
Өзіне сай дауыс керек әр өнге.

Сүйіктім-ау, өнсіз өмір мәнді ме?
Ән түзелсе, түзейміз ғой сәнді де.
Жұбайлар бар өңгімесі таусылған,
Ал махаббат таусылмайтын өңгіме! —

деп [3,13] махаббат өніне өз даусын қосады.

Шалқар өзен арнасыз — аға алмайды,
Менің көңілім сені ойлап, алаңдайды.
Өмірінде бір адамды сүйе алмаған жан,
Туған елдің сүйіктісі бола алмайды, —

деп, махаббатқа қабілетсіз, оған бой ұрмаған адамдар туралы өз тарапынан батыл болжам да жасайды. Махаббат жырларында:

Қалың жұртты мен екіге бөлемін:
Сүйе алатындар деп,
Сүйе алмайтындар деп,
Сүйе алмайтынына
Ұялмайтындар деп.

... ..

Шын сүйеге қабілеті жетпеген
Әрбір адам мүсіркеуге лайық!—

деп [4,94-95] ақынның махаббат жолына түскендерді екі топқа жіктеуі бір жағынан даулы, бір жағынан занды.

Сенің көңілің мен үшін шалқыған көл,
Сенің кеудең мен үшін жазық дала.
Ұғыстырды жылдардың жолы бізді,
Күдік бізден мәңгілік қолын үзді.
Қарсы алдымда күлімдеп тұрсын, міне,
Көкірегіне көп үміт толып ізгі, —

сияқты өз қолтаңбасын білдіретін тебіреністер ақынның махаббат жырларында жиі-жиі ұшырайды.

Махаббатқа арналған Мұхтар Шаханов жырларының шоқтығы биігі — “Ғашықтық ғаламаты” атты толғау-өлеңі. Бұл туындысында ол атақты ақын-сазгер Естай Беркімбаевтың (1874—1946) өйгілі Хорлан сұлуға деген 51 жылға созылған мөлдір де асыл махаббатын шынайы көркемдікпен суреттеп берді. Шығарма түйінінде:

Ғашық жүрек сүйгені үшін бола алмайды жазалы,
Адам азса, ғашықтықтың жоқтығынан азады.
Ғашық жыры — тіршіліктің көкейкесті өлеңі.
Ешбір геометриямен
Өлшенбейтін көлемі.
Ғашық болу келсе кімнің қолынан,
Әлем соған сенеді.
Құлай сүйю — ерлікпен тең себебі! —

деп [5,23] ақиқаттан аңызға айналған ұлы махаббат сезімін жас ұрпаққа өшпейтін үлгі-өнеге ретінде ұсынады.

Қоғамның да, сол қоғамның иесі адамдардың да өмірі өте күрделі, тіршілік жолдары бұралаң, сан тарау. Өмірдің жарқын, нұрлы, сәулелі жақтарымен қатар көлеңкелі тұстары да толып жатыр. Өмірдің сол қараңғы тұстарын құрап тұрған пенделер де аз емес. Қоғамның гүлденіп, алға басуына қыруар кедергі келтіретін де — сол ұнамсыз адамдар. Мұхтар Шахановтың айналадағы жақсы адамдармен қатар өмір сүріп жатқан жексұрындардың кескін-келбетін бейнелеген туындылары да баршылық. Ақынның өзі айтқандай, іші қара, сырты ақ, іші қуыс, сырты жылтыр адамдардың образын өлең өрнектеріне түсіруге оның едәуір еңбектенгені анық байқалады.

Ақын замандастарының қарапайым тіршілігіндегі келеңсіздіктерді де өткір әшкерелеп отырады. “Тоқшылық” атты сюжетті өлеңінде тоқшылыққа масайрап, жол жиегіндегі нанды теуіп өткен, мейманасы тасқан, көргенсіз, парықсыз келінді атасы қатал жазалағанын суреттей келіп, ақын жас ұрпаққа ұлағатты тәлім-тәрбие беретін ақыл-кеңесін әсерлі өлең жолдарымен ұсына білген.

Мұхтар Шаханов — өз заманының шындығын көре, тани білген ақын. Ол өз уақытының тынысымен тыныстайтын суреткер. Қазіргі нарық за-

манының қиындықтарын, кемшіліктерін айта білген қазақ ақындарының бірі де бірегейі. Ол “Жаңа қазақтар” атты шығармасында жас бизнесмендердің бойындағы ойсыраған кемшіліктерді батыл түрде жырға қосты.

Жаңа қазақ, шала қазақ, жас інім,
Алшысынан тұрды бүгін асығың.
Саған қарап ойландым да жасыдым,
Айырмаған азғыны мен асылын
Мына ғасыр, бөлкім, сенің ғасырың.

... ..

Сенде қазір думан дәурен, масат күн,
Өзінді-өзің бар жауаптан босаттың.
Рухани байлыққа да тас аттың,
Аудандағы жалғыз кітап дүкенін
Сатып алып, сыраhana жасаттың.
Тез ашылып саудагерлік дарының,
Таудан, тастан қайтпастай өр арының,
Саудаладың Алматының жарымын.
Ұлағатты ұлы қазақ елінде
Сатылмайтын нәрселер де бар, інім, —

деген жолдарда [6,4] нарық заманының біраз шындығы бар. Сондай-ақ, “Космополит қазақтар” атты шығармасының да қазіргі өмірдегі мәнмаңызы зор. Өйткені, бұнда өзінің ана тілін білмейтін, онымен қоймай, ана тілін менсінбей қорлайтын дүбара, шала қазақтарды сатираның өткір найзасымен аяусыз түйрегені өз нысанасына дәл тиіп тұр.

М.Шахановтың да атақты, даңқты замандастарына арналған өлеңдері көп (Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, Ш.Айтматов, Е.Евтушенко, Т.Айбергенов, Ш.Қалдаяқов, Р.Сейтметов, Қажымұқан, З.Қабдолов, Ә.Кекілбаев, Ф. Оңғарсынова, т.б. арнаған шығармалары). Ақын арнау өлеңдерінде тарихи қайраткерлердің бойындағы жақсы-жақсы қасиеттерді тани білді және олардың әдеби тұлғасын шынайы көркемдікпен келістіре сомдауға шығармашылық көп күш жұмсады. Өңге ақындарды қайталамай, өзінше бір тың көркем бояулар, жаңа образды сөздер табуға ұмтылды. Қазақ халқының дүние жүзіне белгілі атақты балуаны Қажымұқан Мұңайтпасовқа арналған өлеңіндегі:

Тұлпар далаң, іңкәр далаң айтып жатыр алғысын,
Қабіріңе бас игендей төкаппар тау, қарлы шың.
Күллі қазақ әйелдері толғатса да қанша рет,
Туа алмастан келеді өлі саған ұқсас нар мүсін.
Ұлтымыздың қара күші, дара күші, армысын,
Біз аспаған биіктерден сенің даңқың қарғысын.

... ..

Қазақтың бас бұлшық еті, құлагер төс, піл табан,
Қара күште өлі ешкім жоқ сенен биік шырқаған, —

деген шумақтар [7, 140] ол тапқан образды бейнелерге толы. Ақын ұлы спортшының әдеби тұлғасын сөз өнерінің шырқау биігіне шығара отырып, үлкен шеберлікпен сомдап берді. Яки, Ғ.Мүсіреповке, Ғ.Мұстафинге арнаған өлендерінде де әдебиет классиктерінің жарқын образын әдемі де әсерлі бейнелеген соны көркемдік бояулар мольнан кездеседі.

Қазақ поэзиясындағы Абай негізін қалаған баллада жанрының кеңес дәуірінде қатты дамып өркендегені баршаға аян. Сол баллада жанрының кең қанат жайып өрістеуіне елеулі үлес қосқан ақындардың бірі — М.Шаханов. Оның “Қараспан қыпшақтары”, “Жанерке”, “Жароков көшесіндегі кездесу”, “Қасымды қабылдамаған адам хақында”, “Шың басындағы оқиға” атты балладаларының көркемдік дәрежесі биік, идеялық мазмұны терең. Ақын балладаларының тақырыптық, мазмұндық өзгешелігі де бірден көзге түседі. Оған дәлел, ақын баллада жанры арқылы Саттар Ерубәев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжоловтың әдеби бейнесін сомдай түсті. Ақындарға арналған балладаларында қиюын тапқан өткір сюжетті, ұнамсыз адамдардың есте қаларлық айқын бейнелері бар. Әсіресе, әдебиет атты асыл дүниеден іргесі мүлде аулақ дүниелердің рухани келбеті жұтаң әкімсымақтардың бейшаралық, аянышты тіршілігі бұл шығармаларда жеріне жеткізе әшкереленгені кім-кімнің де айызын қандыра түседі.

Мұхтар Шаханов — қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының өсіп, өркендеуіне сүбелі үлес қосқан эпик ақын. Оның аса көрнекті поэмалары (“Өркениеттің адасуы”, “Жазагер жады космоформуласы”) шетел халықтарының көптеген тілдеріне аударылып, әлем жұртшылығының рухани игілігіне айналды. Ол — XX ғасырдағы қазақ поэмасын ұлттық шеңберден дүниежүзілік аренаға шығарған үлкен ақындардың бірі.

Ақынның тұңғыш поэмасы — “Танакөз” (1969) туындысының драматизмі мен мөддір лиризмін кезінде жұртшылық назарын аударғаны белгілі. Кейіпкерлер басындағы сезім күйлерін шынайы бейнелеуде ақын ірі шеберлік танытты. Поэма кейіпкерлері Мұрат, Танакөз, Зеркүл — қазақ ауылындағы еңбек адамдары. Бұлардың ішінде Мұрат пен Танакөз тағдыры өте қызық. Шығармада олардың қуанышы мен қайғысы қатар жырланған. Өмірдің ауыр соққысына, қатерлі сәтсіздігіне мойымай, өз бақытына жеткен олар еліміздің өр де, қайсар, адамгершілігі биік абзал жастары. Әсіресе, Танакөз — өрі қара-

пайым, жан дүниесі бай, жайсаң мінезді үлгілі қыз. Ақын кейіпкерлерінің ішкі тебіреністерін, жан толқынысын шебер толғаған.

Бір сөзбен түйіп айтсақ, қазіргі жастар образын жарқын бояулармен айқын мүсіндеген “Танакөз” поэмасы замандас туралы қазақ поэмаларының маңдай алдыларының бірі. М.Шахановқа бұл поэмасы үшін 1972 жылы Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді.

Ауыз әдебиетіндегі ертегі, аңыз негізінде туған М.Шаханов поэмаларының бірі — “Сейхундария” (1971). Поэма тақырыбын бір сөзбен айтсақ, махаббат жайында деуге келеді. Ал, тереңірек үңілсек, бұдан көне дәуірдегі халық өмірінің байтақ шындығы танылады. Шөлді, құмды даладағы аспан айналып жерге түскендей аптап ыстықтың бар азабын тартқан еңбек адамдары, оларға бүкіл көл-көсір Дарияның суынан бір тамшы су татырмай қасарысқан безбүйрек Бүйі ханның шексіз зұлымдығы — сол көне дәуірдің ақын суреттеген ащы шындығы. Ақын халық өкілі Ақжәмидің ақылдылығын, тапқырлығын, ерен қимылын да тартымды бейнелеген. Топас ханды ерлік ісімен есінен тандырып, өз ыркына көндіре отырып, ындыны кеуіп шөліккеген ел-жұртын мұратқа жеткізуі — бір жағынан, ертегілік мәнмен суреттелген халықтың асыл арманы болса, екінші жағынан, ақынның өмір логикасына сай бейнеленген тарихтың терең шындығы. Үлкен идеяны танытуға автор ауыз әдебиетінің асыл өрнектерін творчестволықпен еркін пайдаланған. Бұндай ежелгі көркемдік дәстүрге бой арту осы тұстағы біраз эпиктерде баршылық. Алайда, Мұхтар Шахановтың оларға ұқсамайтын өзіндік көркемдік қолтаңбасы осы поэмасынан айқын көзге түседі. Мәселен, ақын кейіпкердің іс-қимылынан гөрі оның рухани дүниесін кеңірек ашуға көбірек ден қояды. Әсіресе, ұнамды кейіпкерлердің ішкі дүниесінің байлығын, жарығын, күш-жігерін оның монолог, диалогтары арқылы шебер аңартып отырады. Сондай-ақ шығарманың сюжеттік желісін өрбітудегі логикалық ішкі заңдылықты мұқият сақтауға ден қою, шығарма композициясын шымыр, сындарлы етіп шығаруға бар күшін салуы ұтымды шыққан. Кейіптеу сияқты көркемдік бейнелеу амалын өзінше тың әдіспен қолданудағы ақын шеберліктері шығарманың идеялық-көркемдік келбетін шырайландыра түскен (енжарлық, өжеттік, ақыл, айла, махаббат, намыс, төзім, күншілдік сияқтыларды жанды бейне ретінде сөйлететін тұстар, т.б.). Кейіпкерді сөйлетсе де, өзінің лирикалық шегіністері мен баяндау,

суреттеулерінде де автор байсалды, терең, салмақты пікір түйіп, мағыналы ой айтуды көздейді және ол мұратына еркін жетіп отырады. Поэманың қай-қай тұстары да оқырманды ойландыратын, тебіренетін өсерлі ой-пікірге мол. Идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік шырайы тұрғысынан да М.Шахановтың “Сейхундария” поэмасы қазақтың эпикалық поэзиясына жаңа деңгей, тың тыныс әкелген соны туынды.

М.Шахановтың “Махаббатты қорғау” поэмасының (1977) тақырыптық ауқымы кең. Ақын шығармасында өткен көне дәуірдің де, қазіргі замандастың да сезім, сырларын қатар алып, шебер өрнектеп шыққан. Махаббат тақырыбындағы шығарма әдебиетте өте көп. М.Шаханов сол қалың нөпірдің ішінде жоғалып кетпей, өзіндік үнін естіртіп, өзіндік сөзін айта білген. Ғашықтардың хатын келтірген тұста да, Самат, Айжанар, Ғайша, Мәрзия сезімдерін жырлаған шақтарда да ақынның айтпақ идеясы көркемдік бояумен оқырман жүрегіне жылы-жылы өсер етіп отырады. Биік, таза, ірі, күшті, мөлдір сезімдерге баулитын бұл шығарманың сюжеттік өрнегі онды, көркемдік бояуы сәнді, идеялық жотасы биік.

Ақынның “12-3?” атты поэмасы (1982) да ешкімді қайталамайтын, ешкімге ұқсамайтын үлкен ізденістен, ірі ойшылдықтан туған әдебиеттегі елеулі жаңалық екені анық. Бұл поэмада да өткір сюжет, шебер композиция, кейіпкердің динамикалы қимыл-әрекеті, сөзі, авторлық баяндау, лирикалық шегініс, эпикалық шығарманың барлық компоненттері автордың түпкі ойын – негізгі идеясын жеткізуге ұтымды қызмет атқарып тұр. Ақынның жырлап отырғаны – аға ұрпақ пен жас ұрпақтың қарым-қатынасы, үйлесімі, гармониясы. Егер осы гармония сақталмай бұзылса, халық өмірінің жұтаң тартып, өкінішті қасіретке душар болып сорлайтыны шығармада өмірдің айқын көріністері, нақтылы кейіпкерлердің тіршілігі арқылы адам сезіміне өсерлі жырланған.

Өткен ХХ-ғасырдың 70-80 жылдары тарихи тақырыпты қозғайтын, қамтитын өмір ауқымы аса кең бір топ поэмалар жарық көрді. Олар негізінен халық басынан кешкен арғы-бергі ірі-ірі тарихи оқиғаларды бейнелеуге арналған. Және сонымен тікелей байланысты ақындар тарихи белгілі қайраткерлердің, өнер иелерінің әдеби бейнесін беруді көркемдік нысанаға ұстады. Поэмаларда суреттелген тарихи оқиғалар алуан түрлі және мәнді. Олар: әйгілі Шыңғысханның қанды жорығы (М.Шаханов “Отырар элегиясы”),

Қазақстанның Ресейге бағынуының хикаясы (Б.Аманшин “Елші”, М.Мақатаев “Райымбек, Райымбек!”), атақты Пугачевтің орыс патшасына қарсы 1773–1774 жылдарғы көтерілісіне қазақ жігіттерінің қатысуы (І.Мәмбетов “Пугачев нөкері” т.б.). Ақындар тарихи ірі оқиғалардың фонында ала отырып, тарихи қайраткерлердің әдеби тұлғасын жасауға да елеулі творчестволық еңбек сіңірді: Пугачев, Әбілқайыр, Қайыр хан т.б. Тарихи кезенді баяндайтын поэмалардың көркемдік дәрежесі әрқилы, стильдік суреттеу тәсілі әртүрлі, эстетикалық өсері әрқилы.

Осы туындылардың ішінде идеялық-көркемдік сапасы тұрғысынан озық тұрған “Отырар элегиясы” (1982) поэмасында М.Шаханов бір кезде өлемді тітіренткен Шыңғысханның қанды жорығының бір кезеңін суреткерлікпен баяндағанын бөліп айтқан жөн. Поэма объектісі – әйгілі Отырар қырғыны. Тарихи оқиға шығармаға фон ретінде алыныпты. Сол фон арқылы автор халық өмірінің шынайы келбетін, адамдардың характерін, мінезін ашуға поэма жанрының көркемдік мүмкіншілігін жеткілікті де ұтымды пайдалана білген. Поэмада қандыбалақ Шыңғысхан шапқыншылығының, адам айтқысыз мейірімсіздігінің құрбаны болған халық трагедиясы адамның сай-сүйегін сырқырататын сипатта бейнеленген. Поэмадағы шынайы әдеби бейнелер – басқыншы қанішер Шыңғысхан мен оның ұлы Шағатай, опасыз сатқын Қарашоқы және сол басқыншыға қарсы қаһармандықпен алысқан халықтың жиынтық кейпі, жаумен ауыр шайқаста халықтың басшысы болып, тайсалмай тұрып қалған табанды қайраткер Қайыр. М.Шахановтың жазу, суреткерлік мәнеріне айналған көркемдік құралдар бұл туындыда да баршылық. Суреткерлік бояудың айқындығы, кейіпкер өмірінің дәл де көркем штрихын беру үстінде терең пікір ой түйю, көркем мотивировканың бұлтартпас сенімділігі – бұл поэманың негізгі сипаты. Мәселен, адамгершілігі биік әкеден тұрлаусыз ұл тууының себебін айтқан поэма тұстарының тағылым өсері мол, көркемдік мотивировкасы кімкімге де сындарлы ой салғандай. Яки, зұлымдық пен ізгіліктің, шапқыншылық пен халық шайқасының суреттерін бере отырып, автордың терең пікір түйюі де шығарманы өркештендіріп отырады. Сайып айтқанда, “Отырар элегиясы” – терең мазмұнды құнды шығарма. Халық, ерлік мәңгі өлмейді, ғасырлар бойы жасайды, ал, жауыздық, опасыздық, сатқындық деген кейде уақытша бел алғанмен, түптің түбінде ел қарғысына ұшырап,

өзінің сазайын тартады деу — поэманың өн бойындағы басты идеялық түйін. Сол идеяны оқырманға жеткізіп берудегі М.Шаханов шығармасының көркемдік күші негізгі мақсатын жүзеге асырған. Бір кездегі тарихи оқиғаны әдемі баяндап, ұнамды, ұнамсыз адамдардың әдеби бейнесін жасаған бұл шығарманың оқырманын елдікке, азаматтыққа, патриотизмге тәрбиелейтін идеялық-эстетикалық күші әрқашан бағалы, маңызды.

М.Шахановтың Махамбетке арнаған “Нарынқұм зауалы” (1982) — шағын поэма. Ол шағын да болса, шымыр. Басы-аяғы жинақы, ешбір басы артық бөгде сөзі жоқ, жұп-жұмыр бұл туындыны поэзияда жарқ етіп көрінген жаңалық десе де болғандай. Өйткені оның композициялық бітімінің өзі айрықша назар аударарлықтай, соны. Поэмада екі бөлім бар. “Махамбеттің соңғы сөзі” деп аталатын бірінші бөлімде бас кейіпкерді сөйлете отырып, автор сол кейіпкер сөзі арқылы-ақ оның көркемдік тұлғасын жете танытады. Ал, “Әке үкімі” екінші бөлім сол бірінші бөлімді заңды түрде толықтырып, бас кейіпкер тұлғасын биіктете түседі. Шағын штрихтармен-ақ қою сюжеттің шиеленіскен желісін тартудың шеберлігі де бар мұнда. Кейіпкер сөзі — поэманың көркемдік бір компоненті дейтін болсақ, сол компонентті ұштай, жетілдіре түсудің жақсы үлгісі бар осында. Автор кейіпкер сөзі арқылы оның бейнесін танытудың бар мүмкіншілігін сарқа пайдалана отырып, өзінің үлкен дарын күшін жарқыратып жайып салады. Махамбет сияқты үлкен ақынның аузына сөз салып, оны автордың өз шығармасында сөйлету қай суреткерге болмасын оңай емес. Себебі шығармадағы кейіпкер сөзі өмірде болған Махамбеттің өзі туралы айтқан өз толғауларындағы асыл сөздерінен кем түспеуі керек қой. Ал, кем түссе, оның ешкімге де әсері болмас еді. Ал, “Нарынқұм зауалындағы” Махамбеттің монологу оның өз жырларындағы әйгілі сөздермен терезесі тең түскендей. Бұл автордың ерінбей көп ізденуінің, толғануының, дарын күшінің буырқануының адам мейірін қандыратарлықтай нәтижесі, жемісі. Сондықтан да монолог арқылы бас кейіпкер — Махамбеттің ұмытылмас көркем бейнесін сомдап берген. Поэмадағы Махамбет — өр, биік, ақылды, ел дегенде ет жүрегі елжірейтін азамат, сөздері мірдің оғындай өткір де мағыналы, аса мықты дүлдүл ақын. Поэмадағы Махамбеттің аузынан шығатын сөздер шетінен сап алтындай асыл, талай ұрпаққа өшпес тәлім-тәрбие берерліктей өнегелі де шешен. Мәселен:

Батырлығы жоқ адамнан
 Үлкен ақын шыққан емес ешқашан.
 ...Ақындықтың басты шарты —
 Басты алса да, шындықты айту емес пе?
 ...Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын
 Оның тартар азабы да соншама, —

деген сияқты поэмадағы Махамбет сөздері [8, 157-158] нақыл, мәтел боларлық терең мағыналы. Поэмадағы екінші бір кейіпкер — халық өкілі — адал азаматтың сөздері де бас кейіпкер Махамбеттің сөздерінен кем түспейді.

М.Шаханов “Нарынқұм зауалында” асыл ер, абзал ақын Махамбетке деген бүкіл халық махаббатының күшін, құдіретін ұнамсыз кейіпкер әкесінің күрделі өмірі, іс-қимылы арқылы да сенімді түрде шебер суреттеп берген. Өткен ғасырдағы халық өмірінің тарихи кезеңін оның ұлы перзентінің сом әдеби тұлғасы арқылы айқын суреттеп берген “Нарынқұм зауалы” поэмасы әрі жаңашыл туынды, әрі эпикалық поэзияның еңсесін көтере түскен көркемдік ірі жетістік.

Поэма жанрының бір саласы — драмалық поэмалар. Қазақ поэзиясында драмалық поэмалар онша көп емес. Ә.Тәжібаевтың “Күзетші”, “Күйеулер”, “Монологтар”, “Қыз бен солдат”, “Жартас”, Қ.Сатыбалдиннің “Шешілмеген жұмбақ”, Б.Тәжібаевтың “Ана жүрегі”, Е.Ибраһимның “Қызыл генералдар”, М.Шахановтың “Күретапырды іздеу”, “Сенім патшалығы” атты поэмалары драмалық туындылардың айқын үлгілері. Бұл поэмаларда драмалық тартыс, кейіпкерлердің мінез-құлқы, іс-әрекеті, тағдыры, негізінен, олардың монолог, диалогы арқылы ашылған. Бұл драмалық поэмалардың біразы қазақ театрларының сахнасында қойылды.

М.Шахановтың “Күре тамырды іздеу” (“Махаббат заңы”) атты драмалық поэмасы (1974) бірден оқырман жұртшылықты елең еткізді. Поэма М.О.Әуезов атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасында қойылып, көрермендердің ұнамды бағасын алды, жылы ықыласына бөлінді.

М.Шахановтың бұл аталған поэмасы да қазақ поэзиясының ежелгі дәстүрі негізінде туғаны сөзсіз. Алайда, тұтастай алып қарағанда, бұл нағыз шын мәніндегі жаңашыл туынды. Шығарма бірден қазақ поэмасындағы жаңа-жаңа көктей бастаған драмалық поэманың тәуір үлгілерінің қатарынан орын алды.

Поэманың суреттеу диапазоны, қамту уақыты, нысана еткен мәселелері мол. Бірде ақын ел аузында сақталған аңызға сүйеніп, зұлымдық

атты адам баласының ежелгі дұшпанын тіл найзасымен түйреп өтсе, енді бірде қазіргі өз замандастарымыздың арасында ұшырап қалатын келеңсіздіктерге қарсы сөз жебесін боратады. Поэмада адам санасын сәулелендіріп, жарық түсірегін терең түйіндер, өткір де байсалды топшылаулар өрнекті сөздермен әсерлі беріліп отырады. Нақтылы суреттеу, бейнемен қатар, автор символикалық тәсілдерге де жиі-жиі барған. Онысы өмірді реалдық суреттеу мен шебер ұштастып жатыр. Поэмадағы ақын мен жастық шақтың диалогтарынан оқырман да, көрермен де талай-талай тағылым алып, ой әлемін байыта алатын болса керек.

Поэmanın алғашқы сәттерінде автор достық, бақыт, арман, қайғы деген өзекті мәселелерді тебірене жыр еткен. Адам адам болғалы келе жатқан бұл мәселелерді оның бүгінгі мұрат-биігімен сәйкестіре, қалауын тауып жыр өрнегіне дұрыс түсіргенін айрықша атап өтуге тиіспіз. Көркемдік нысана еткен объектісін жалпылай жинақтай айтумен бірге, ақынның нақтылы бейнелеуге баратын тұстары да сенімді, әсерлі, тартымды (Ақын, Асан, Әбунасыр әл-Фараби бейнелері).

Биік мұратқа, асыл арманға ұмтылған барша қауымды бүкіл адамзатты жегі құрттай іштей жеп, аяғына оралғы болушы, кейде кесапат, апат келтіруші кесірлі, ұнамсыз, жексұрын, зұлым күштер ақын поэмасында өзінің сол шынайы қалпында көз алдына келе қалады. Бұл ретте де ақын әр дәуірді, әр заманның жексұрын зұлымдарының портрет-бейнесін жасауға ұмтылған. Ол ұмтылысы көркемдік мақсатқа біздің ойымызша жетіп жатыр. Ақынның меңзеуіндей, көне заманның сұрқиялары, зұлым күштері Дойыл, Жұдай хан, Ақсақ Темір мен қазіргі кездің опасыз, бұзықтарының арасында біркелкі іштей туыстық, жақындық бары да рас. Олардың бәріне де халық қарсы, ызалы, олардың үлкенін де, кішісін де, аумақтысын да, болмашысын да әруақытта жек көреді, олардың ұлы әрекетіне қарсы үздіксіз күресіп, үнемі қаһар төгеді.

“Күре тамырды іздеу” атты поэmanın негізгі идеялық нысанасы жарқын да баянды достықты, нұрлы бақытты, биік арманды, берік адалдықты дәріптей отырып, бүгінгі замандастарымыздың адамгершілік, моральдық қасиеттерін асылдандыруға атсалысу екені көрініп тұр. Бұл бағытта ақынның көркемдік мұратына жеткеніне ешкім де шек келтіре алмайды. Поэмадағы диалог, монологтардың дені кім-кімді де ойлантарлық, бойына жақсы да биік моральдық нұрын сеуіп, тағылым берерлік болып шыққан.

Ерлік пен ездіктің арасындағы,
Шабандық пен тездіктің арасындағы,
Қайғы мен шаттықтың арасындағы,
Жалғандық пен пәктіктің арасындағы,
Ғасырлардан келе жатқан,
Қайшылығы тіптен көп,
Ұлы күрес өлі күнге біткен жоқ! [9,138-139].

Бұл — бүкіл поэmanın өн бойына қан жүгірткен жоталы ойлары. Сол асыл да биік ойлар өзіне сай көркемдік келісім тауып, оқырманның бойын билеп өкетер эстетикалық күшке ие боп тұр. Жігерінді танып, намысынды қайрар, жан дүниені от беріп, туған еліңе, халқына деген махаббатынды лаулатар құдіретті жыр жолдары болып шыққан. Ездікке, шабандыққа, қайғыға, жалғандыққа, тоғышарлыққа қарсы жалынды күреске шақырып тұр. Замандастарының биік мақсат-мұратқа ұмтылуына қанат бітірерлік өлеңнің күш-қуатын сипаттаудың өзі қиын. Өйткені, ақынның мұндай тебіреністерінің айтып жеткізуге мүмкін емес ішкі қуаты, тылсым күші ұшан-теңіз. Сондай-ақ, поэма аяқталар тұстағы ақын мен жастық шақтың соңғы диалогтары да күшті шыққан.

Ақынның “Сенім патшалығы” атты драмалық поэмасы 1977 жылдың аяғында баспа бетінде жарияланып, 1978 жылы М.О.Әуезов атындағы қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрында қойыла бастады. Идеялық, көркемдік дәрежесі биік бұл шығарманы да жұртшылық жылы қабылдап жоғары бағалады.

Біз әрқашан жан байлығын адамның
Болашағы деп қарадық ғаламның.
Танытатын, азаматты, арлыны,
Бай ететін жарлыны
Достық сезім — мәңгі жасыл желегі
Тек тұрақты қасиеттер елегі.
Достыққа осал болғандардың барлығы
Ел тағдырын ойлауға
Қабілетсіз келеді, —

деген поэма кейіпкері Мерейдің сөздері [9,160-161] бүкіл шығарманың лейтмотиві (құлақ күйі) екенін көреміз.

Поэmanın алғашқы бөлімінде сақтар дәуірінің, соңғы бөлімінде, біздің қазіргі кезеңнің оқиғасы суреттелген. Екі дәуірдің оқиғасын, екі дәуірдің әр түрлі мінезді адамдарын көрсете отырып, сол негізгі идеясын, яғни адамдардың ұлы мақсат жолындағы достық атты жан байлығының құдірет күшін аша түседі.

“Сенім патшалығы” поэмасының бірінші бөлімінде сақтар дәуіріндегі тарихи өмір қызғылықты да тартымды бейнеленген. Қылышынан

қан тамған Хан, дүниекоңыз сараң бай Көңбай, еңбек адамдары Жайық, Мерей — өз әрекет, мінезімен дараланып есте қалатын көркем бейнелер. Монологтар арқылы көне дәуір адамдарының әр түрлі мінезі жақсы ашылып, олардың әдеби сом тұлғалары жасалғаны сөзсіз. Әсіресе, құрыштай берік достықтың, биік адамгершіліктің туын жоғары ұстаушы Жайық, Мерейдің оқырманның, көрерменнің ой-сезімін қозғап, тағылым берерлік жарқын сипаттары мол.

Поэманың екінші бөлімінде автор біздің замандастарымыз — Қайсарбай мен Көрік арасындағы достықтың сын сағаттан мүдірмей өтуін, Қайсарбайдың болаттай берік төзімділігін, өз досына деген жан жомарттығын, адамгершілік сипаттарын, жарқын өнегелерін тебірене толғайды.

Көне дәуір шындықтарын жырлаған тұстағы ақынның шеберлігіне, жүйріктігіне, суреткерлігіне ешбір мін тағу мүмкін емес. Ол тұста ақын өзінің көркемдік түп нысанасына дәл тиіп, айызынды қандырып отырады. Біздің ойымызша, қазіргі өмірді суреттеуге келгенде ақынымыздың кібіртіктеп қалатын сәттері бар екен. Ол алыстан орағытып, түспалдап сөйлеумен көп айналысады да, әр түрлі жақсылы-жаманды адамдардың мінезін терең ашуға бара қоймаған.

Поэмада М.Шаханов ертегі, аңызды кең де мол пайдаланады. Поэманың бірінші бөліміндегі ауыз әдебиетінің көркемдік амалдарын творчестволық пайдалануы сәтті, ұтымды шыққан. Ал, поэманың қазіргі өмірді суреттеген тұстарындағы ертегі, мысалдар шығарманың организміне табиғи кірігіп, жымдасып тұр деп айту қиын. Сырт көзге, ол аңыз, мысал поэмаға жапсырылған жаммау тәрізді әсер қалдыратын сияқты.

М.Шахановтың өзіне дейінгі поэтикалық дәстүрге сүйенетіні бұл поэмада да көп. Ең алдымен айтатын нәрсе — ақынның көне аңыздарды, халық даналығын кеңірек пайдалануға ұмтылуы. Сонымен қатар, М.Шаханов белгілі ақындардың дәстүрінен, көркемдік амал-тәсілдерінен де аулақ кетпейді. Мәселен, “Сенім патшалығы” поэмасындағы басты кейіпкер ретінде көрінетін Тарих Ілияс Жансүгіровтің атақты “Дала” поэмасындағы Тарих Шалды еске түсіреді. Бұл сыртқы ұқсастық қана. М.Шахановты ақын ағасының көркемдік тәсілін сол күйінде өз поэмасында айнытпай көшіре салды деуге болмайды, М.Шаханов өз тарапынан творчестволық үлкен ізденіске барған да, жаңа көркемдік бояу, өрнек тапқан. Ілияс Жансүгіровтің “Дала” поэмасындағы Тарих Шал шығармадағы бүкіл оқиғалар

дың куәгері, сырттай бағалаушысы ретінде берілгені есімізде. Ал, М.Шаханов поэмасындағы Тарих атты кейіпкер “Дала” поэмасындағы Тарих Шалдан өзге, тың сипатымен көзге түседі. М.Шахановтың Тарих атты кейіпкері адамдық сипаттарымен нақтылана түскен. Ол өз монологы, яки, диалог арқылы сөйлейді, пікір таластырады, болып жатқан оқиғаларға араласып, адамдарға баға береді. Дәуірдің өткені, бүгінгі, келешегі жайында тебіреніп сыр шертеді. Бұл орайда ақын М.Шаханов өзіне дейінгі көркемдік дәстүрді жаңартушы, байытушы болып шыққан.

Мұхтар Шахановтың “Өркениеттің адасуы” (1998) поэмасының дүниеге келуі қазақ поэмасының тарихындағы аса үлкен оқиға болды. Ақын бұл поэмасымен осы жанрдың көркемдік көкжиегін кеңейтіп, қазақтың эпикалық поэзиясының әлем алдындағы беделін жоғарылатты. Олай деуге себеп, ең алдымен, атап өтерлік жайт, поэма мазмұнының аса тереңдігі, шығармаға өзек болған басты идеяның мәңгілік жасайтын бүкіл адамзаттық мақсатты қамтуы дер едік. Ақынның ұлттық шеңберден шығып, бүкіл адамзаттық ғасырлық арман-мұратты жырлауы шығарманың құнын арттыра түсті. Поэманың қамтыған мерзімі ұзақ. Ақын шығармасында бірде өтіп кеткен көне ғасырлар қойнауына барлау жасаса, енді бірде бүгінгі күні жер бетіндегі адамзатты қатты мазалап, алаңдатып отырған түбегейлі мәселені тебірене толғайды. Тарихта болған талай-талай зұлымдықтарды, көптеген елдерді ойрандап, апатқа ұшыратқан жауыз күштерді бейнелей отырып, сол жойқын қанды қырғындарды мүлде қайталамауға үндейді ақын поэмасында. Тарихи арғы-бергі ащы сабақтарды үнемі есте ұстап, бүкіл адамзатты алдағы болуы мүмкін алапат ойрандардан сақтандырады ақын. Жер бетіндегі жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен арамдықтың, шындық пен жалғандықтың, ар мен ұятсыздықтың, ізгілік пен зұлымдықтың, жанқияр берілгендік пен опасыздықтың, рухани күш пен ынжықтықтың ғасырлар бойына созылған бітіспес тартысы — поэманың идеялық өзегі екенін көреміз.

Бүкіл әлем тарихына шексіз қайғы, төтенше қасірет әкелген Шыңғысхан, Ақсақ Темір, Гитлер, Сталин, Пол Пот, т.б. адам айтқысыз алапат жауыздықтарын, зұлымдықтарын ақын поэмасы жеріне жеткізе өшкерелесе, адамзатқа біткен асыл қасиеттерді, ізгіліктерді сақтау үшін қажымай-талмай күресіп, тарихтағы талай ұрпақты ізгілікке, адамгершілікке, биік мақсат-мұраттарға

жетелеп, тәрбиелейтін кемеңгерлік ой қазынасын берген Аристотель, Конфуций, әл-Фараби, Шекспир, Фирдоуси, Гете, Достоевский, Бетховен, Моцарт, Андрей Сахаров, Шыңғыс Айтматов, Олжас Сүлейменов, т.б. мәртебелі бейнелері поэмада шалқар шабытпен тебірене жырланған. Олардың барша халықтарды тек қана жақсылыққа, ізгі сезімдерге, адамгершілік қадір-қасиеттерге баулитын данышпандық ойларына ақын шығармасында бастан-аяқ табынады, қадірлейді, қас-терлейді.

Қазіргі бүкіл әлемді бағындырып, жаулап алған бұқаралық мәдениеттің (массовая культура) адамдарды улап, аздырып, тоздырып, өлсіретіп, жабайыландырып жатқан ұнамсыз сипаттары поэмада айқын көрініс берсе, бүкіл жер бетіндегі барлық адал ниетті халықтарды, барша мемлекеттерді билеушілерді ұлы гуманизм үшін қажымай-талмай күресуге үндеген бұл шығарманың қазіргі кездегі, алдағы уақыттағы мән-мағынасы ешбір кемімей, үнемі биіктей беретіні анық.

Жер бетіндегі әрбір саналы, адал ниетті, өркениетті адамның өмірлік бағыт-бағдар етіп ұстауына лайықты озық адамгершілік моральды насихаттаған ақын толғаулары (поэманың “Төрт ана” атты тарауы) аса өміршең, өте құнды:

Әр адамның өз анасынан басқа да,
 Ғұмырына етер мәңгі астана
 Демеп жүрер, жебеп жүрер аркада,
 Болу керек құдіретті төрт ана:
 Туған жері – түп қазығы, айбыны,
 Туған тілі – мәңгі өнеге айдыны,
 Жан байлығы, салт-дәстүрі – тірегі,
 Қадамына шуақ шашар үнемі.
 Және туған тарихы.

...Төрт анасын сыйламаған халықтың
 Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.
 Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,
 Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы! –

деген поэма жолдары [10, 145] әр адамның, әр ұлттың, әр халықтың өмірінде тәңіріндей сыйынып өтер бой-тұмары сияқты десе де болғандай.

Тұтастай алып қарағанда, Мұхтар Шахановтың “Өркениеттің адасуы” поэмасы ғасырлар шындығын қопара, тереңдей, дұрыс бейнелеген шынайы туынды, өткен заманның да, қазіргі дәуірдің де көркем шежіресі, айнасы.

М.Шахановтың “Өркениеттің адасуы” поэмасының бүкіл әлем жұртшылығынан өзіне лайықты жоғары баға алғаны мәлім. ЮНЕСКО-ның Бас директоры, көрнекті ақын Федерико Майор, заңғар жазушы Шыңғыс Айтматов, атақты ақындар Евгений Евтушенко, Олжас Сүлейменов, неміс

халқының философ-ғалымы Фридрих Хитцер, т.б. поэманы дүниежүзілік поэзияға қосылған үлкен үлес деп бағалады.

Жиырмамыншы ғасыр аяқталар тұста қазақ поэмасы жаңа бір биікке көтерілді. Елдің ұлттық эпикалық поэзиясын ол биікке шығарған М.Шахановтың “Жазагер жады космоформуласы” атты өлеңмен жазылған роман-поэмасы (февраль 1999 – август 2000) жарық көрісімен-ақ бүкіл дүниежүзінің зиялы қауымының назарына бірден ілікті. Ш.Айтматов, Ф.Искандер, М.Бахмутский, Ф.Кузнецов, И.Драч, Х.Ито, Анар, Р.Рахманалиев, С.Ахмид, А.Брудный, Т.Әбдіков, Т.Асқаров, В.Савельев, С.Суслова, А.Атаханов, Ю.Миллиней, Б.Қайырбеков, Ғ.Есім, Ф.Хитцер, т.б. сияқты өлемнің әдебиет, мәдениет қайраткерлері М.Шахановтың бұл поэмасында аса жоғары баға берді, поэманы тек қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл жер жүзі көркем әдебиетінің ірі жетістігі деп таныды.

“Жазагер жады космоформуласы” поэмасы өлемнің көптеген халықтарының тілдеріне аударылып, дүние жүзі елдерінің рухани қазынасына айналды. Драмалық сипаты басым шығарма болғандықтан, бірнеше елдердің драмалық театрларының сахнасында қойылып кеңінен таныла түсті.

Поэманы бұлайша бүкіл дүние жүзі жұртшылығының бірден жоғары бағалауы тектен-тек емес болатын. Өйткені, поэма идеялық мазмұнының тереңдігімен, көркемдік күш-қуатының молдығымен өз оқырманын бірден еркін баурай алды. Әр адамның көкейінде жүрген ой-сезімін қозғайтын, өнердің сиқырлы, ғажайып тегеурінді сыр-сипаты осы поэмадан табыла кетті. Бұл Мұхтар Шахановтың өмір бойы бойына жиналған ақындық дарынының жанартаудай атылған көркемдік күш-қуатының нәтижесі болса керек. Осындай әр оқырманды өзінің эстетикалық әсерімен тарта түсетін, рухани қуатымен байығатын өнердің жарқын туындысының қазақ топырағында өмірге келуі ұлттық әдебиеттің де, әрі шығарма авторының да мақтанышы, абыройы болғаны сөзсіз.

“Жазагер жады космоформуласы” поэмасы – құрылысы жағынан өте күрделі шығарма. Суреттеп отырған объектісі аса үлкен, адамзат тарихындағы ғасырларға созылған ұзақ мерзімді қамтитын алып эпопея десе де болғандай. Поэмада көне дәуірден бастап, өзіміз өмір сүріп отырған қазіргі кезеңге дейінгі өмір құбылыстарын мөлінен қамти отырып, ақын шығармасында арғы-

бергі көп адамның бет-бейнесін суреткерлікпен шебер аша түскен. Сол арқылы оқырманын терең ойға батырады, толғандырады, адамгершілік жаңа жақсы қасиеттерге жетелейді, баулиды. Сүйтіп, поэма түсіне, ұға білген адамның рухани дүниесін жаңартып, байыта түседі.

“Жазагер жады космоформуласы” поэмасында сөз болатын негізгі мәселелердің бірі — халық пен оның әр түрлі дәрежедегі басшыларының ықылым заманнан күні бүгінге дейінгі ара-қатысы деуге болады. Осы ара қатынасты көпшілік қауымның кей уақытта байыбына жетіп ұға, түсіне алмай адасатыны, кей тұста өкінішті апатқа ұшырап, құрдымға кеткені жөнінде көне тарихтан ақын көптеген мысалдар келтіріп, оқырманын ойландырады, толғандырады.

Поэmanın кіріспесінде-ақ автор бүкіл адамзат тарихына шолумен қарай отырып, талай-талай қанды оқиғаларға, тіл жеткісіз апаттарға кінәлі негізінен жекелеген адамдар екенін айтқанымен, қалың қауымның бойындағы соқыр сенімнің де алдыңғы шепте жүретініне таңқалады. Осы бір ежелден келе жатқан адамдар тарихының бойындағы жұмбақ дерттің түпкі себебін таба алмай шарқ ұрады автор. Ақын айтқандай, барлық елдегі халықтардың 97 пайызы соқыр сенімге бой алдырып, адасумен қасіретке ұрына тыны, ал елдің 3 пайызының ғана оған қарсы жақсылы-жаманды іс-әрекетінің қауіп-қатерге толы екені рас (М.Шаханов. Космоформула карающей памяти. 2001. 35-бет).

Поэмада ежелгі Рим қоғамындағы гладиатор шайқастарына сол кездегі қалың қауымның соқыр сенім жетегінде кетіп қарсы тұра алмауын ақын үлкен өкінішпен еске алады. Сол тұстағы Телемахтың көзсіз ерлігі — қауымның 3 пайызының ғана қолынан келетін батыл әрекет екенін айтып ақын оқырманға ой салады.

Поэма кіріспесіндегі “арандатушы теке” туралы мысал орынды келтіріліп, көркемдік ролін жеткілікті түрде атқарып тұр. Адольф Гитлер, Наполеон Бонапарт, Иван Грозный сияқты белгілі есімдерді — “Құрбандық текеге” теңей отырып, ақынның солардың соңына ерген қалың тобырды ешбір ойланбайтын соқыр сенімнің өкілдері деп тануы — тарихи шындық. Көне тарихтан күні бүгінге дейінгі 97 пайыз тобырдың теріс әрекетінің адам айтқысыз зияны — 3 пайыз, “арандатушы текелердің” қанды қол әрекетінен кем түспейтіні жөніндегі ақынның өткір пікірлері кім-кімді де әр қилы ойға жетелейтін болса керек. Осы бір жоталы ой-пікірлер поэманың өн

бойындағы қан тамырын соқтырып тұрған өзекті идеясына айналған. Ежелден келе жатқан 97 пайыз — қалың тобырдың миын аса қауіпті идеялармен улап, адастырып талай-талай қанды қырғынға ұшыратқан жексұрын-зұлымдарға қарама-қарсы ақынның Данте, Онере де Бальзак, Гете, Достоевский, әл-Фарабиді, адамзаттың көзін ашып, санасын жетілдіретін шынайы жарқын демократияны қарама-қарсы қоюы шығарманың алдына қойған негізгі идеясын күшейткен үстіне күшейтіп, көркемдік мұратына дәл жеткізіп тұр.

“Жазагер жады космоформуласы” поэмасы үш бөлімнен тұрады. Шығарманың алғашқы бөлімінде-ақ автор бас кейіпкерлерімен, атап айтқанда, Шыңғысхан мен Айбармен таныстыра бастайды.

Поэманьы тұтастай алғанда Зұлымдық пен Ізгіліктің адамзат тарихында үзілмей келе жатқан бітіспес, ымырасыз тартысы жайындағы көркем эпос деуге болады. Адам адам болып жаралған есте жоқ көне заманнан күні бүгінге дейінгі тарихта бұл екеуінің күресі бітпей келе жатқаны баршаға аян. Бірде біреуі жеңсе, енді бірде екіншісі жеңумен келеді. Алдағы кезде де зұлымдық пен ізгілік екеуінің бітіспес майданы жалғаса беретінін де ақын бұл шығармасында аңғартып отырады.

Поэмада зұлымдықтың, жауыздықтың жиынтық (типтік) бейнесі болып суреттелген Шыңғысхан, ал онымен майдандасатын ізгіліктің өкілдері — Қайырхан, Айбар, Акерке, т.б.

Поэmanın бірінші бөлімінде автор бас кейіпкерлерінің алғашқы өмір жолдарымен таныстыра отырып, өзінің шығармасында айтайын деген негізгі ой-пікірінің шымылдығын ашып береді. Шығарманың қай тарауында да оқырман тағылым алар терең мағыналы ой-пікір иірімдері қаптап жүр десе де болғандай. Мәселен, бірінші тараудағы адамдар өмір сүріп жатқан жер бетіндегі әрбір үлкенді-кішілі қала тұрғындары арасындағы махаббат туын тіккен бес жүз ғашықтар жұбы туралы толғаныс шығарманың шабытты да көрікті жолдары екені анық. Яки, өруақытта да әр елде де ұшырай білетін ұлылар мен орташалардың билік басына келуі туралы жыр жолдарының мағынасы да зор. Ұлыларға жол бермейтін орташалардың билік басындағы қораш, жұпыны іс-әрекеттерінің қарауындағы халықтың бағын байлайтын кесепат екенін ақын ашына толғап, оқырманның өзегін өртейтіндей ой тастайды. Осы тұста автор өз пікірін бекіте, орнықтыра түсу үшін билік басына келген патшаның іс-әрекеті

туралы құнарлы аңызды ұтымды пайдаланғанын көреміз.

Поэманың келесі бөліміндегі хикаяларға жол бастайтын Гималай жолбарыстары мен адамның табандылығы, қаһармандығы жөніндегі балладаның идеясы аса терең, көркемдік қуаты мол. Ертедегі де, қазіргі де адамдардың бойына біткен өжеттілікті, қайсарлықты, ерлікті табиғат тағысының қалай мойындайтынын толғай отырып, өзінің бас кейіпкерлерінің (Қайырхан, Айбар, Ақерке) бойына біткен ерліктің, ізгіліктің, тұрақтылықтың, адамгершіліктің жарқын сипаттарын үлкен ақындық шеберлікпен аша түскен. Осылайша, адам баласының абзал қасиеттерінің нұр сипатын автор оқырман жүрегіне сіңіре түсудің көркемдік тетігін таба білген.

Жанрлық тұрғыдан қарағанда, “Жазагер жады космоформуласы” – шын мәніндегі драмалық поэма. Бұл шығармада драмалық поэманың барлық белгілері бар. Поэманың көптеген елдердің театрларында қойылуы да шығарманың осы драмалық сипатының күштілігінен болса керек.

Драмалық поэмада кейіпкерлер бейнесі олардың диалог, монологынан анықталатыны мәлім. Бұл поэмада да басты кейіпкерлердің образы олардың сөздері арқылы (диалог, монолог) сомдала түскенін көруге болады.

Поэманың бүкіл мазмұнына арқау болған негізгі кейіпкер Шыңғысхан (1155–1227) – тарихи тұлға. Қай-қай автор да оның әдеби бейнесін жасауда тарихи шындықтан қара үзіп алшақ кетпеуге тиіс. Алайда, Шыңғысханды өркім өртүрлі қабылдап, өртүрлі пікір айтып жүргені мәлім.

Шыңғысханды өзінің туған елі – Монғолия көкке көтеріп, оған шаң жуытпай, ешбір мінмүлтіксіз әдеби тұлға етіп көрсетуде екені де белгілі. Монғолдар “Монғолдың құпия шежіресін” (1240 жыл) – классикалық шығарма, монғол халқының жаңа әдебиетінің басы деп бағалай отырып, ол шығармадағы Шыңғысхан бейнесін монғол әдебиетіндегі теңдесі жоқ үлгі деп есептеуімен таласуға қалай болар?! Олар тарихи шындықты дүние жүзіндегі барлық халықтардың көз алдында бұрмалап отыр емес пе?!

Ал, біз монғолдардың Шыңғысхан туралы бұл пікірін қолдай алмаймыз. Себеп көп. Қазақстандағы кейбір жазушы, тарихшылардың айтып, жазып жүргеніндей, Шыңғысхан халықтарды азат ету күресінің өкілі емес. Ол – шын мәніндегі қандыбалақ басқыншы (агрессор). Өзінің қанды жорықтарының барысында жер бетіндегі 900 қаланы тас-талқан қып қиратса, соның 26-сы

Қазақстан территориясында екен. Қазақстанның атақты Отырар қаласын, оның Александриядан кейінгі ғылым, білім ордасы болған ең үлкен кітапханасын жер бетінен жойып жіберген Шыңғысханның зұлымдық ісін ешбір ақтау мүмкін емес. Міне, осындай басы ашық тарихи шындыққа берік сүйенген Мұхтар Шахановтың поэмасында Шыңғысханды зұлымдықтың нағыз өкілі, қанішер жауыздықтың адамзат тарихындағы ешбір теңдесі жоқ бейнесі ретінде суреттеуін әдебиет тарихындағы ақынның ересен еңбегі деп тану жөн.

Поэмада басты кейіпкерлермен тілдесулерден, өзінің монологтарынан немесе өткен өмір жолдарын еске алу эпизодтарынан Шыңғысханның тарихи ұнамсыз бейнесі жеріне жете үлкен көркемдік шеберлікпен сомдалған. Бұған шығармадан көптеген мысалдар (үзінділер) келтіруге болады. Өзінің басқыншылық соғысында (кейбіреулер айтқандай, ол – халықтарға азаттық әкелуші емес, әрине – Ә.Н.) жарты өлемді қанға бояп, миллиондаған адамды о дүниеге аттандырған Шыңғысхан – поэмада зұлымдықтың шын мәніндегі әдеби бейнесі болып көзге түседі (поэманың 187, 199, 206, 207, 223, 226, 229-беттері). Поэмада суреттелген Шыңғысханның зұлымдық әрекеттерін оқығанда оқырманның төбе шашы тік тұрып, жаны түршігетіні рас. Басқасын былай қойғанда, оның туған анасына, қарындасына, ұлы Жошыға жасаған қиянат-зұлымдығының өзі оны адамзат тарихында сирек кездесетін залым қанішердің айқын көрінісі ретінде толық таныта түседі.

Шыңғысханның Ақеркемен беттесіп, пікірлескен тұстары – поэманың кульминациясы (шарықтау шегі). Шығарманың бұл беттерінде Шыңғысханның ұнамсыз образы жан-жақты, толық ашыла түскен. Шығармада Шыңғысханға қарама-қарсы алынған Ақеркенің тегеурінді тұлғасы да осы тұста ақындық биік өнермен мүсінделіп отырғаны анық.

Аттан құлап, айықпайтын дертке (рак) ұшыраған Шыңғысханның Ақерке алдындағы екіжүзділікпен жік-жапар болып құрақ ұшуы, бір жағынан, оның ажал алдындағы жанталасын, пенделік әлсіздігін, адами бейшаралығын көрсетсе, екінші жағынан, өмірбойы өз қолымен жасаған зұлымдықтың сазайын тартуы екенін де білдіреді. Отырардың ғұлама ғалымы Айбар тапқан ғылыми жаңалықтың Шыңғысханға бұйырмай, оның тағдырының биік құздан құлдырай құлауын – шығарманың шарықтау шегі десе де болғандай.

Оның өз өлімін ел-жұрттан жанталаса жасырып, мүрдесі жерленген мекенді жоқ қылуға өсиет етуі де ел-жұрт алдындағы зұлымдығын Шыңғысханның өзі де білген деген жорамалды автор шығармасында шебер аңғартып кеткен. Жинақтап айтқанда, поэмадағы Шыңғысхан – сол замандағы (XIII ғасырдағы) жауыздықтың асқар биік шыңы деуге әбден келеді.

Поэмадағы Қайырхан – өз Отанын қорғауда қаһармандықтың шыңына шыққан шын мәніндегі халықтың адал перзенті. Жаудың құмырсқадай қаптаған қалың қолынан Отырар қаласын, халқын алты ай бойы қорғауға сіңірген оның ересен еңбегі поэмада үлкен көркемдік шеберлікпен нанымды суреттелген. Поэмадағы Қайырхан – ақынның жүрекжарды қасиетті сүйіспеншілігіне бөленген, кейінгі сан ұрпаққа патриоттық, отаншылдық сезімнің жарқын үлгісі ретінде есте сақталатын әдеби ұлы тұлға. Ал, Ақерке – сол ұлы бейнені толықтыра түскен жарқын образ. Оның білімділігін, еліне, сүйген жарына шексіз адалдығын, әйел қауымының бойында молынан кездесетін биік парасаты мен ізгілігін Мұхтар Шаханов шалқар шабытпен, сүйсіне жырлап берген. Шыңғысханмен жекпе-жекке келіп, беттескен тұстардағы бас-аяғы бүтін, мағынасы өте терең диалогтерден Ақеркенің бүкіл абзал қасиеттері, мөлдір сезімдері, адамгершілік тұлғасы айқын танылып отырады (шығарманың 162-235 беттері). Шығарманың бұл тұстарын терең идеяларға, тағылымы мол ой-толғамдарға толы оның алтын өзегі, табиғи жұлыны десе де болғандай. Ақеркенің Шыңғысханмен сөз сайысына түскенін бейнелеген эпизодтар көркемдік шеберліктің биігіне алып шыққан поэманың жарқын беттері болып тұр. Поэманың екінші бөлімінде Мұхтар Шаханов Шыңғысханның бұдан жеті ғасыр бұрынғы бүкіл әлемді зар еңіреткен зұлымдығын, ақыр соңында оның ажалын суреттесе, шығарманың үшінші бөлімі бүгінгі өмірдің, жиырмасыншы ғасырдың соңғы он жылындағы қазіргі көзіміз көріп, бастан кешіп жатқан аласапыран тіршілікті түбінен қопара, үлкен реалистік көркем бейнемен көрсетуге арналған. Бұл үшінші бөлімде де ақын жинақталған үлкен көркем образдармен сөйлейді. Көне замандағы (XIII ғасыр) Шыңғысхан қазасымен, оның бүкіл адамзатқа өкелген шексіз апаты пышақ кескендей тыйыла қалмай, өлі де, атап айтқанда, қазіргі XX ғасырдың аяғы мен жаңа XXI ғасырдың басында да Шыңғысханның зұлымдығы үзілмей, жалғасып келеді деген биік

пікірді ақын тебірене толғап берген. Поэма авторының айтуынша, Шыңғысханның ұрпақтары бүгінгі күні де өздерінің қандыбалақ атасының жауыздығын, обырлық істерін жалғастыруда.

Поэмадағы Шыңғысханның бүгінгі ұрпақтары – Шебен, Темуджан, т.б. Бұлар дүниеқор, байлыққа жету үшін жанұшырып барлық күш-қуатын жұмсаушы бүгінгі байлар – азуы алты қарыс бизнесмендер. Олардың түбіне жатқан қанағатсыздық, байыған үстіне байи беру жолында еш нәрседен тайынбау. Рухани сезімнен ада олар адамгершілік қасиеттен жұрдай. Мейірімсіздік, айналасындағы адамдарға жаны ашымау, халықтың қамы, тіршілігі деген қасиетті ұғым үш ұйықтаса түсіне кірмейтін қазіргі жексұрындар – әдеби типтер. Олардың зұлымдығы, жауыздығы арғы атасы Шыңғысханмен тепе-тең. Айырма сол – Шыңғысхан әскер, қару күшімен жер үстіндегі бейбіт халықты қан қақсатып, зар еңіретсе, қанын судай сапырса, бүгінгі Шыңғысхандар (Шебен, Темуджан) өздері өмір сүріп жатқан қоғамның өлсіз тұстарын, заңсыздықтарын ұтымды да шебер пайдаланып, бейбіт жолмен көзін бақырайтып қойып бұқара халықты тонаушылар, қалың елді материалдық игіліктен айырып, өз айналасына қайыршылықтың, жер бетіндегі тұрмысқа кедейшіліктің уын себушілер. Бұлардың бөрінің де рухани игілікке, моральдық тазалыққа, адамгершіліктің биік мұраттарына қаны қас. Олардың бірден-бір мақсаты – бұл пәнидің бар қызығын өздері ғана көріп, ішіп, жеп, байлыққа малынып тірлік кешу. Осы жолда өздеріне кездескен тосқауыл біткеннің баршасын олар алаяқтық зұлымдық жолмен (тіпті өз анасын, әкесін өлтіре салу деген оларға түк емес – *Ә.Н.*) таптап, жапырып, кесіп өтуге шебер-ақ.

Ақын айтқандай, халықты зар еңіретіп отырған бүгінгі Шыңғысхандарға қарсы күрес бар, бірақ баяу, онша мықты емес. Бүгінгі зұлымдықтың қара күшіне қарсы күресушінің жиынтық типі ретінде автор шығармасында Рухбек ақынның әдеби тұлғасын шабыттана жырлауға едәуір күш жұмсаған. Бірақ, бүгінгі зұлымдық пен ізгіліктің мылтықсыз майдандағы олардың күш-қуатының, мүмкіндігінің тең еместігін де автор шебер аңғартып отырады. Халықты пәни жалғанның қасіретіне батырып отырған бұл майданда кімді-кім жеңіп, кімнің мейірі үстем болатынын Мұхтар Шаханов ашып айта алмаған. Поэмадағы ол түйінді шешуді ақын қалың оқырманның өзіне жүктей салған. Сайып айтқанда, “Жазагер жады космоформуласы” поэмасы кез келген алаяқ,

мансапқор, зұлым, мейірімсіз, қанағаты жоқ, арамза, обыр, залым басшылардың жетегінде кетуге бейім, төңірегіндегі соқыр сенімдегі тобырлардың ой-сезіміне сәуле құйып, санасын жетілдіре түсетін, “Көзін қойып, көңілін ашатын” шығарма. Бір кезде қараңғы надандықтың құшағында қамалып өлшеусіз жапа шеккен өз отандастарына Міржақып Дулатов өз өлеңдерімен “Оян, қазақ!” деп ұран тастаса, қазіргі өркениеттің теріс ағымынан зардап шегіп отырған жер жүзіндегі замандастарына Мұхтар Шаханов осы шығармасымен “Оян, адамзат!” деп ұран тастап отырғандай күшті әсер қалдырады. Поэманы самарқау, жайбарақат қана оқып қабылдау мүмкін емес. Ол – тек қана бас алмай, бір деммен оқылатын тартымды шығарма. Үйткені, ақынның бұл поэмасы өзінің ең жоғарғы эстетикалық күш-қуатымен шымырлап бойға жайылып, жүрекке, қанға бірден сіңіп кететін көркем, асыл туынды.

Мұхтар Шаханов – қазақ әдебиетінің қанатын кеңге жайып, өсіп, өркендеуіне қырық жыл бойы үлкен шығармашылық күш жұмсаған қаламгер. Дүние жүзінің қырықтан астам тілдеріне аударылған оның шығармалары қазақ әдебиетінің мәртебесін биіктетіп, абыройын асқақтата түсті. Ақын еңбегі әр тұстағы әдебиеттану ғылымы мен

сынының назарында болды. Ғ. Мүсірепов, М. Қаратаев, С. Қирабаев, Т. Көкішев, Қ. Алпысбаев, т.б. әдебиет қайраткерлерінің еңбектерінде М. Шахановтың өлеңдеріне, балладаларына, поэмаларына лайықты баға берілген. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің идеялық мазмұнын тереңдетіп, көркемдік арсеналын байытуға мол үлес қосқан Мұхтар Шаханов майталман сөз зергері.

ӘДЕБИЕТ

1. Шаханов М. Бақыт. Алматы, 1966.
2. Шаханов М. Танакөз. Алматы, 1996.
3. Шаханов. М. Ай туып келеді. Алматы, 1970.
4. Шаханов М. Ғасырларды безбендеу. Алматы, 1988.
5. Шаханов М. Ғашықтық ғаламаты. Алматы, 1979.
6. Шаханов М. Жаңа қазақтар. Алматы, 2000.
7. Шаханов М. Компьютербасты жарты адамдар (рухсыз күш формуласы). Алматы, 2003.
8. Шаханов М. Дәуір дастандары. Алматы: Жазушы, 1993.
9. Шаханов М. Сенім патшалығы. Алматы, 1977.
10. Марченко В. Царство доверия // Вечерняя Алмата. 1978. – 30 января; Досанов С. Жан толқытар жарқын тарих // Жетісу. 1978. 16 февраль; Филатов В. Царство доверия // Ленинская смена. 1978. 3 марта; Мырзалиев Қ. Сенімді серік етіп // Қазақ әдебиеті. 1978. 31 март; Сербалаев Б. Сенім-өмір // Лениншіл жас. 1978. 18 апрель.
11. Шаханов М. Заблуждение цивилизации. Алматы: Өлке. 1999.